



Сәкен Сейфуллиннің туғанына - 125 жыл

ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ

«Ұлт перзенті Сәкен бабамыздың 125 жылдығына арналған «Ұлы дала мұрасы» атты халықаралық турнир өтті!

Дөнгелек дүниенің төсін тұлпарының тұяғымен дүбірлете, дүркірете билеген көшпенді түркі жұртының ішіндегі тегі асыл, ұл-қызы акын мен батыр, сал серісі мен саятшысы мәрт, аңшысы жомарт қазақ халқы екеніне ешкім шүбә келтіре қоймас. Астына жүйрік ат мініп, қолына қыран бүркіт қондырып, бес қаруын асынып, құмай тазы ерткен қазақ баласының саятшылық өнері өз алдына бір ғанибет. Сонарға дейін, аңшы иті мен құсын сылап сипап күтіп, алғашқы қарды асыға тосатын саятшылар үшін салбұрын үлкен мереке. Кенестік кер заманда көленкеде қалған дәстүрлеріміз егемендік алған шақта күншуаққа шығып, Тұңғыш Президентіміз Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қайта жандана түскен еді. Жұырда ғана аудан орталығындағы Аюлы тауының бергі бөктерінде өткен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқының аяулы перзенті, акын, жазушы жерлесіміз С.Сейфуллиннің 125 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы дала мұрасы» атты саятшылықтан халықаралық турнир сөзіміздің тағы бір айқын дәлелі.

Шараның жоғары дәрежеде ұйымдастырылып өтуіне Қ.Р Мәдениет және спорт министрлігі, облыс әкімдігі, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, «Қансонар» республикалық қауымдастығы мен Шет ауданы әкімдігі ұйытқы болды. Баршанызға мәлім, биыл берісі өңір әрісі республика көлемінде Сәкен бабамыздың мерейтойы жер-жерлерде аталып өтіп, көптеген игі шаралар атқарылуда. Ауданымыздағы Сәкен атындағы музей жаңартылып, баба есіміндегі көшелерде барлық жолдар жөнделіп, жарықшамдар орнатылды. Ақадыр кентінде мерейтой иесінің құрметіне саябақ салынса, аудан орталығында өткен аталмыш Салбұрын осы барлық шаралардың қорытындысы секілді. Енді елді тамсандырып, аудан тұрғындарын аңшылықтың қызығына қарық қылып, жастарымыздың бойында ұлттық спорт түрлері мен салт-дәстүрімізге деген қызығушылығын оята білген қарашаның алғашқы сонарында өткен салбұрынға оралайық. Асқаралы Аюлының бөктерінде қонақтарға арналып қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, алыстан келген қонақтар да, көрермен көпшілік қауым да әр үйге емін еркін кіріп, дәм татуда. Бұл жарысқа жергілікті азаматтардың қатты дайындалғаны сән-салтанаты жарасқан киіз үйі мен баннер, туларынан бөлек, бағзы дәуірден сыр шертіп, бүгінгі күннен көрініс беретін саятшылық құралдарынан құрастырылған көрмеден көруге болады. Жарысқа Қырғызстан мен Моңғолия мемлекетінен және Қазақстанның 13 облысынан атадан мұра болған бекзада өнерді жалғастырған жалпы саны 80-нен астам саңлақ саятшылар 40 бүркіт, 23 ителгі мен қаршыға, 35 құмай тазы әкеліп қатысты.

Екі күнге созылып, қыранның ұшқыры, тазының жүйрігі сыналған дүбірлі додаға Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, «Қансонар» аңшылық бірлестіктер және аңшылық шаруашылықтар субъектілері республикалық ассоциациясының басқарма төрағасы Оралбай Әбдікәрімов, Кеңес Одағының Батыры Токтар Әубәкіров, халық қаһарманы, армия генералы Мұхтар Алтынбаев және ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының «Қыран» федерациясының ат-

қарушы директоры Бағдат төрешісі Қанат Ахметов: -



Бүгінгі өтіп жатқан салбұрынның мән мағынасы, маңызы - бұл бізге ата-бабамыздан аманат болып қалған құсбегілік, аңкөстік, аңшылық өнерін кеңінен насихаттау, яғни, жаңарту. Бүгінгі үгіт насихатымыз кешегі бабалардың, сал, серілердің өнерінің жұрнағы екендігін атап өтті.

Сайыс барысында әр түрлі аңшы құс пен тазы иттерді тамашалап, осы жарысқа сонау

Мүптекеқызы, «Денсаулық сақтау саласының үздігі», Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Әбілхәкім Ақмағамбетұлы, Сәкен бабамыздың ұрпағы Сейфуллин Сәкен Орынбекұлы, Ұлттық спорттан мемлекеттік жаттықтырушылар Базарбек Күнтуған, Атамекен Рүстемов, Қырғыз елінен арнайы келген Нұрлан Молдақунов, спорт ардагері, еліміз бойынша алғаш рет «Салбұрын» саятшылық жарыстарын ұйымдастырушы жерлесіміз Тілеуқабыл Есенбекұлы, турнирдің бас төрешісі Қанат Ахметов және Шет ауданының әкімі Марат Жандәулетов арнайы қатысты.

Халықаралық турнирдің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларынан кейін өңірлерде төл спортымыздың серпін алғандығын атап өтіп, ұлттық спорт түрлерін дамыту және қолдау патриоттық идеялармен тығыз байланысты. Қарағанды облысында қазақтың спорттық ойындары кеңінен етек жайып келеді. Мұндай жарыстар жас ұрпаққа үлкен әсер етіп, қазақы дәстүрлерімізді құрметтеуге үйретеді. Ертеде тазылармен және жыртқыш құстармен аң аулау ерекше маңызға ие болған. Бұл өнер - адамдарды батылдық пен сабырлыққа тәрбиелейді, ой ұшқырлығын дамытады. Жас ұрпақ ата-бабаларының мұраларын ұмытпай, дәріптеп келе жатқаны көңілімізге қуаныш ұялатады - деді. Шарада сөз алған «Ұлы дала мұрасы» халықаралық турнирінің бас



Қырғыз елінен келіп «Бозқұш» атты қаршығасымен олжалы болып, бас бәйге алған құсбегі Әбдірасул Қуатовты әңгімеге тартқан едік:

Әбдірасул аға, жеңіс құтты болсын, бүгінгі өтіп жатқан жарыс пен құсбегілік өнер туралы айта кетсеңіз.

- Рахмет! Бүгінгі өтіп жатқан менлеш (жарыс) өте жақсы ұйымдастырылған. Алдымен бізді күтіп алып, жылы орынға жайғастырып, үш мезгіл ыстық тамақ беріп жатқан жергілікті билік азаматтарына алғыс айтқым келеді. Ал, құсбегілік пен саятшылық көшпенді қазақ пен қыр-

ғыз халқының көнеден келе жатқан көнермес ақсүйек өнері.

Құсбегілікпен қанша уақыт айналысып жүрсіз. 4 балам бар дедіңіз. Балаларыңыз да әке жолын жалғайтын шығар?

- Менің атам біздің елде танымал құсбегі болған. Ата жолымен мұрагер болып, құсбегілік өнермен 7 сыныптан бастап айналысып келемін. 2 ұл, 2 қызым бар. 1 ұлымның ғана құсқа деген аздаған қызығушылығы бар.

Жеңіске жеткен Бозқұштың басқа қандай жетістіктері бар?

- Жалпы мұндай жарыстарға жиі барып тұрамыз. 2016 жылы Сауд Арабиясында өткен фестивальде Бозқұш өнер көрсетті. Онда 98 мемлекеттен құсбегі, саятшылар қатысты. 2018 жылы Алматыда өткен құсбегілік Азия жарысында «Бозқұш» 3 орынды иеленген болатын. Бұлар ірі көлемдегі жарыстар, ал ел ішінде басқа да жарыстар жетерлік.

Ой мен қырды, тау мен тасты сағалап аң аулау өнерін сүйетіндер тек аңшы құстарға ғана емес, сондай-ақ, тазының аңшылық қасиетін құрметтейді. Бұл тұқым ең таза тұқым болып саналады, көшпелілердің киіз үйлерінде тек осындай иттерге ғана қыстауға рұқсат етілген. Аңыз бойынша, тазының бірінші күшігі қаз ұяларында табылған.

Сондықтан да тазының шығу тегі ерекше деп саналады және олар ақылды, күшті және басқа тұқымды иттерге қарағанда анағұрлым адал деп танылған.

- Мен бұрыннан тазы асырап, оларды баптап келемін. Олармен үнемі аң аулаймын. Ежелгі уақытта бұл иттер нағыз асыраушы болған. Олар тек кішкентай жабайы аңдарды ғана емес, мысалы, елікті де оңай жеңе алады. Бірақ тазылар мүлдем агрессивті емес. Олар үй малын ұрламайды, егер оларды үйге кіргізсеңіз, жиназды бүлдірмейді, олар балалармен жақсы тіл табыса алады. Бірақ оларды үйді күзету үшін асырауға болмайды. Бұл күзет иттері емес, оларды шынжырға байлауға болмайды, - дейді Қарағандыдан келген Рамазан Үсеев.

Оның айтуынша, бұл тұқымды күшіктің бағасы 50 мыңнан 250 мың теңгеге дейін барады. Күшіктің қаншалық-

ғатына 65 шақырымға дейін жүгіре алады.

Тағы бір айта кетерлігі бұл жарысқа қатысушы құсбегі, итбегілердің жасына шектеу қойылмаған. Көпті көрген көнекөз қарт пен мүшел жасқа жетпеген 12 жасар балаға дейін бар. Солардың бірі көне Тараз қаласынан келген 12 жасар Берікболсын Бабажанов. Берікболсынның айтуы бойынша құсбегілік өнерді әкесінен үйреніп, ата жолды жалғасам, нәтиже шығарсам деген мақсатта көрінеді. Бізде ұлттық дәстүрімізді дәріптеп, құнды мұраларымыздың мерейін көтеруге құлшынған жеткіншекке риза болып, ақ жол тіледі. Сонымен не керек, екі күнгі таңның атысы мен күннің батысын өзінің қызығымен байкатпай жіберген 2 күндік жарыс өз мәресіне келіп жетті. Төрешілер сайысқа қатысушылардың киген ұлттық нақыштағы киімдеріне, саятшыға қажетті құрал-жабдықтарына, әкелген құс пен иттің тұрпатына қарады. Кезек-кезеңімен тектілігін, ептілігін, байқап сынап, жарысқа қатысушы азаматтардың жол шалғайлығын ескере келіп, уақытты көпке созбай, жеңімпаздарды мадақтама грамоталар мен медальдармен және қаржылай сыйлықтармен марапаттады. Бүркіт сайысында Жамбыл облысы, Меркі ауданынан келген С.Жалғасұлының «Жан-қияр» атты қыраны жеңіс тұғырынан көрінсе, екінші орынды Атырау облысынан келген А.Қошқаровтың «Нарыны», үшінші орынды Нұр-Сұлтан қаласынан келген С.Күнтуғанның «Алғыры» иеленді. Қаршыға салуда бірінші орынды қырғызстандық А.Қуатовтың «Бозқұшы», екінші орынды маңғыстаулық Е.Сахарбайдың «Зымрасы», үшінші орынды Жамбыл облысының құсбегісі Б.Бабажановтың «Қанжары» қанжығаларына байлады. Ал, ителгі сайысында М.Шалиповтің (Алматы облысы) «Дауыл» атты ителгісі бірінші орын алса, Қырғыз елінен келген Т.Әбдықалыровтың «Ышқырығы» екінші орын, атыраулық Е.Серіктің «Ұшқыры» үшінші орынды місе тұтты. Құмай тазы жарысында жүлделі бірінші орын керекулік Б.Искаковтың «Сарыарқа» атты тазысы, екінші орынды алматылық Ж.Кеңесбаевтың

«Көкқұсы» иеленсе, елордалық Р.Мағзұмовтың «Леди Зерек» атты тазысы үшінші орынға табан тіреді. Сайын далада сауық құрып, қыраны мен құмайын бір мәрте сынап, қанжығаларына жүлде байлап, олжалы болған саятшылар өздеріне қонақжайлық танытып, құшағын аша күткен ел азаматтарына, осынау тағылымы терең игі шараға мұрындық болған ұйымдастырушы азаматтарға алғыстарын білдірді.

**Берікбол ДӘУЛЕТҰЛЫ.
Иманқұл МҰХАМЕДИЯҰЛЫ.**

